

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### 2024 жылдың басынан бастап отандастарымызға БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдерінің мөлшері ұлғайды

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап еңбек сіңірген демалысқа 2018 жылғы 1 қаңтардан кейінгі кезеңде шыққан зейнеткерлерге БЖЗҚ-дан берілетін төлем мөлшері 5% артты.

БЖЗҚ-дан берілетін төлемдер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 521 қаулысымен бекітілген Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесіне (бұдан әрі – Әдістеме) сәйкес жүзеге асырылады.

Төлем әдістемесіне сәйкес, зейнетке шығатын азаматтарға берілетін төлем мөлшері былай есептеледі: төлем алу басталатын бірінші жылда зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтарының төлем мөлшерлемесі 6,5% көбейтіліп, 12-ге бөлінеді.

Мерзімсіз уақытқа белгіленген 1 немесе 2 топтағы мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ зиянды және қауіпті өндірістерде жұмыс істеп, жиынтығында кемінде алпыс ай міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары бар адамдар сияқты белгілі бір санаттағы алушылар үшін Әдістемедің ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшерін арттыратын түзету коэффициенттері көзделген. Жоғарыда көрсетілген шарттардың біреуінен артығын қанағаттандыратын адамдар үшін ең үлкен мәнге ие түзету коэффициенті қолданылады.

Бұл ретте БЖЗҚ-дан берілетін ай сайынғы зейнетақы төлемі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің (бұдан әрі - ТКД) кемінде 70% мөлшерінде жүзеге асырылады (2024 жылы ТКД - 43 407 теңге). Осылайша, жыл басынан бері БЖЗҚ-дан берілетін ең төменгі төлем мөлшері 30 384,9 теңгені ( $70\% * 43\,407$  теңге) құрады.

Бұдан кейінгі жылдары ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері зейнетақы төлемдерін индекстеудің 5% мөлшерлемесіне ұлғайтылып отырады.

Егер БЖЗҚ-дан төлем жүзеге асырылған күндегі зейнетақы жинақтарының сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда, бұл сома алушыға Қордан бір рет біржолата төленеді (2024 жылы біржолғы зейнетақы төлемінің мөлшері  $694\,236$  теңге =  $12 * 57\,853$  теңге).

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығын 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін іске асырған адамдарға зейнетақы төлемдері оларға зейнетақы төлемдерін тағайындау сәтінде қолданыста болған әдістеме бойынша есептеледі: жылдық зейнетақы төлемінің сомасы есептеліп, ең төменгі зейнетақының отыз еселенген мөлшерінің ең жоғары көрсеткішінен (2024 жылы:  $1\,735\,590$  теңге =  $30 * 57\,853$  теңге) және зейнетақы жинақтары сомасының алушының тиісті жасындағы зейнетақы жинақтарының ағымдағы құнының коэффициентіне көбейтіндісі ретінде есептелген шамадан аспайды.

БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

*БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*